

### **ҚАЗАҚСТАННАН ТАБЫЛҒАН КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ**

Көне түркі жазба ескерткіштері ғылымда біраз зерттеліп, олар жайында түрлі пікірлер айтылғандығы белгілі. Осымен байланысты белгілі түрколог Э.Н. Наджиптің мына бір тұжырымы рунатанушы ғалымдарымыздың түркі жазуы жөніндегі ойларын анық танытқандай: «Без изучения языка памятников этого периода невозможно изучать историю ряда тюркских языков» (Наджип, 1965, 90). Шынында да, жазба ескерткіштерімізді зерттеу барысында руникалық мұраларымыздың бүкіл түркі халқына ортақ екенін үнемі есте ұстаған абзал. Себебі көне түркі жазба ескерткіштері түркі жазуы тарихының қайнар көздерінің бірі дей отырып, оны әр қырынан зерттеу - бүгінгі күн талабы.

Жер жүзіндегі барлық халықтар сияқты түркі халықтары да өзінің тарихи даму сатысында қоғамдық әлеуметтік, саяси жағдайларға байланысты әр түрлі жазу үлгілерін пайдаланған. Көне замандарда қазақ халқының ата-бабалары өзге түркі тектес этностық топтармен бірге көне түркі руна жазуын, ескі ұйғыр жазуын қолданса, XI-XX ғғ. аралығында латын, армян, араб, славян жазуларын қолданғаны белгілі.

Ежелгі адамдардың дүниетанымын, мәдениетін көрсететін ең алғашқы жазу – пиктографиялық жазу таңбалары – петроглифтер әлемнің әр түркісінен, соның ішінде Қазақстан жерінен де табылуда. Сан ғасырлық тарихы бар тасқа қашалған бедерлі жазулар Қаратау, Ақсу-Жабағылы өңіріндегі, Алатау баурайындағы, Шығыс Қазақстан облысындағы Қалба тау қыраттарындағы, Шұбартау өңіріндегі Арсалаң қойнауындағы, Шыңғыстау өңіріндегі, Іле аңғарындағы жартастар мен қойтастардағы үңгір қабырғаларына қашалып жазылған. Жартастағы суреттер жайында белгілі ғалым А.Аманжоловтың: **«Қазақстан жеріндегі мындаған петроглифтердің мындаған жылдық тарихы бар – бұларда неолит, қола, алғашқы көшпенділер дәуірлері сипатталса, олардың соңын ала біздің дәуірімізге жататын көне түркі кезеңі де суреттеледі. Әр дәуірдегі тасқа қашалған суреттер өзінің мәнері, мазмұн, сипат нұсқасы жағынан ерекше. Петроглифтер жай ғана сурет емес, олар көне сурет жазуының, пиктографияның тамаша ескерткіштері болып табылады»**, - деген пікірінен біз қазақ халқының ежелгі ата-бабалары да ең көне жазу үлгісі – пиктографиялық жазуды меңгеріп қана қоймай, кеңінен қолданғандығын айқын аңғарамыз.

Түркітанушы ғалымдарымыз қазіргі кезде халқымыздың ру таңбаларын идеограммалар қатарына жатқызып, этногенез мәселесінде, этнонимдердің шығу төркінін айқындауда құнды дерек көзі ретінде қарастырып жүргендігі аян. Дәл осы жерде қазақтың ру таңбалары мен ең таңбаларындағы байланыс жайында ғалым А.Аманжоловтың мына бір пікірін келтіре кеткен орынды сияқты: «...арғынның «көз» таңбасы, қоңыраттың «босаға» таңбасы сияқты айғақтық белгілердің тиісті заманда атқарған қызметін айқындап, әлеуметтік орнын белгілеудің халқымыздың этногенезін шешуде орны ерекше».

Түркі халықтары мекендеген басқа өңірлердегідей Қазақстан жерінде де қола дәуіріне жататын логографиялық жазу үлгілері аз кездеспейді, мысалы: Алатау бөктеріндегі Таңбалы сайдағы, Шығыс Қазақстандағы Ақбауыр маңындағы Күн бейнелі таңбалар, Қаратау баурайынан табылған сүйектегі жазулар. Жергілікті ру-тайпа өкілдерінің наным-сенімдерін білдіретін, киелі ұғым - Күн Тәңірінің символдық бейнесін көрсететін алуан түрдегі суреттер Маңғыстау өңірінен де табылған.

Көне түркі руникалық жазуының Жерорта теңізі маңындағы алғашқы жазулармен, яғни финикий жазуының жалғасы арамей жазуымен, одан тараған соғды жазуымен генетикалық жақындығы жайлы, тіпті соғды жазуының негізінде пайда болған деген де пікірлер айтылып жүр. Әрине, ежелгі түркі әліпбиінің басқа да көне жазу үлгілерімен тектестігі дау тудырмайды, бірақ та қазақ рунатанушылары Ғ.Айдаров, А.Аманжолов, Қ.Сарт-қожаұлы, М.Ескевалардың пікірінше кей ғалымдардың *«Біздің заманымызға дейінгі Y-IV ғасырлардағы сақ дәуірінде-ақ қолданыста болған түркі руналарын одан кейін қолданылған (б.з.б. I ғ.-б.з. IX ғ.) соғды жазуынан тарады»* деген тұжырымдары шындыққа жанаспайды.

Қазақстан жерінен табылған көне түркі таңбаларының қалыптасуы, жазу жүйесінің тарихы, эволюциялық даму жолы негізінен палеография ғылымының аясында зерттеліп келеді. Бүгінде қазақстандық палеограф ғалымдар көне жазба ескерткіштердің жазылған жері мен мерзіміне тән сипаттарды, жазу таңбаларының пайда болуы мен дамуын зерттеп қана қоймай, сонымен қатар шартты түрде жазылған құпия жазуларды оқып, олардың оқыту қағидаларын қалпына келтіру үшін көп еңбектенуде.

Сондай-ақ қазақстандық палеография тарих ғылымының салалары - дипломатика, эпиграфика, нумизматика, сфрагистикалармен біріге отырып, Қазақстанның ежелгі мәдениет ошақтарынан табылған жәдігерліктерді зерттеп қарастырады. Әсіресе, Қараханид, Қыпшақ дәуірлеріне жататын теңге бетіне жазылған жазулар мен хандардың мөрлері бетіндегі таңбаларды зерттеуге қатысты нумизматика мен сфрагистика қатысты зерттеулер әлем түркітанушыларының қызығушылығын тудырып отыр. Атап айтқанда, түркі елбилеушілердің еншісінде болған Талас өзенінің бойынан табылған көне мөрде (б.з. V–VIII ғғ.) төрт өріптен тұратын «сөзүм» деген көне түркі жазуы бар.

Көне құжаттардың мәтіндерін зерттейтін дипломатика саласы Орта Азия түркілері мен Армян колониясы қыпшақтары тілінде жазылған құжаттарды кеңінен қарастырса, эпиграфиканың қарастыратын нысаны – тас, метал, ағаш, сүйек, қыш т.б. қатты заттарға өткір, үшкір құралдармен қашап, ойылып жазылған көне мұраларымызды зерттеуде біраз жетістіктерге жеткенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Осыған орай қазіргі кезде Қазақстаннан табылған көне түркі жазба ескерткіштерін түркітанушы ғалымдар төмендегідей жіктейді:

1. Алтай ескерткіштері – көне дәуір ескерткіштері. ХVIII ғасырдың басынан зерттеле бастады. 1713 жылы көне зираттарды тонаушы «бугровщиктердің» ұрлаған асыл бұйымдары Ресей патшасы I Петрге жетіп, «I Петрдің Сібір коллекциясы» аталған археологиялық коллекция жасалынды. Сол бұйымдар қазір Санкт-Петербургтегі Эрмитажда қымбат экспонат ретінде сақтаулы. Алтай өлкесіне жіберілген географиялық экспедицияларға Г.Ф.Миллер, П.С.Пал-лас жетекшілік етті. В.В.Радлов Бұқтырма өзенінің бойындағы Берел жазығынан ерте темір дәуіріне жататын обаны тауып, одан түрлі алтын бұйымдар мен әшекейлер тапты. Шығыс Қазақстандағы Алтай тауы етегінен осындай дүниелер көп табылды. Алтай ескерткіштерін мүрделердің жерлену дәстүріне, табылған бұйымдардың ерекшеліктеріне қарай хронологиялық жағынан төрт кезеңге бөлуге болады: Күрті (б.з.б. VIII–IX ғғ.); Майемір (б.з.б. IX–XI ғғ.); Пазырық (б.з.б. X–III ғғ.) және Құлажорға (б.з.б. III–I ғғ.). Алтай ескерткіштері бұл өңірді мәдениеті, шаруашылығы, діни-нанымдары ортақ этностар жайлағанын, Алтайдағы сақ мәдениетінің алғашқы қалыптасу орталығы болғанын көрсетеді.

2. Ергіс жазба ескерткіштері қатарын археолог Ф.Х. Арсланованың 1960 жылы Ергіс өзенінің оңтүстік жағасында (Павлодар облысы, Бобровое елді мекені) жүргізген далалық зерттеу жұмыстары кезінде көне қорғаннан табылған сүйек тоғадан бастаймыз. Бұғы бейнелі сүйек тоғаның бетіне алты таңба ойып жазылған. Белгілі рунатанушы профессор Алтай Аманжоловтың пікірінше, ескерткіштің жазылу уақыты – б.з.б. V–VI ғасырлар. Сүйек тоғадағы жазудың мағынасы: «Ақ бұғы – құт бұғы». Ескерткіштегі жазу үлгісі Есік жазуына ұқсас. Шығыс Қазақстан облысы, Үржардан табылған қола айнадағы жазуды ғалым: «ер шушук азиз өлүт» – «ер шарап ішкен соң мезгілсіз өлді», - деп аударады.

1969 жылы Ф.Х.Арсланова Шығыс Қазақстан облысы, Шемонаиха ауданы, Зевакино ауылы маңындағы қорғаннан әйел мүрдесін табады. Оның жанында алтынмен қапталған екі күміс сырға, балықтың қоладан құйылған мүсіні мен қола айна табылады. Ішкі жағында 11 таңбадан, ал шетінде 20 таңбадан тұратын көне түркі жазуы бар. А.Аманжолов ішкі жазуды: «Жебеуші – қызыл айдаһар», - деп, ал айнаның шетіндегі жазуды: «Әйел – үйдің құты», - деп оқиды. Жарма ауданындағы Қалбатау петроглифтерін зерттеген ғалым Шойтабан мекенінен «абағай – ағатай» деген жазуды табады. Марқакөл ауданындағы Қызылтас жартасынан «Ай элиг – Ай қаған мекені» деген руна жазулы мәтін табылды. Павлодар облысынан табылған күміс білезікте «Шашуқ айу қоқыс – шашылған байлық қоқыс» деген сөйлем бедерленген. Ал Күршім ауданы, Қаратоғай мекенінен табылған тас мөрде «танда –тын» деген сөз тіркестері ойып жазылған.

3. Есік жазба ескерткіштері – Қазақстанда сақ дәуірінен сақталған ескерткіштер. 1970 жылы Іле өңірінің тау бөктеріндегі Есік қаласы іргесінен б.з.б. V–VI ғасырларда салынған үлкен қорым қазылды. Қазу жұмыстарының жетекшісі – Қ.Ақышев. Обаның ішінен алтынға бөленген жауынгердің мәйіті, дулығасы, алтын сапты қанжары мен семсері, түрлі ыдыс-аяқ және жұмбақ жазуы бар күміс тостағанша табылды. Күміс тостағаншаның сыртқы жағында ойылған 26 таңба екі жолға жазылған. Үстіңгі жол тостағаншаның тура түп ортасына, ал астыңғы жол бүйір тұсына жиектеі ойылған. Үстіңгі жолда 9 таңба, астыңғы жолда 17 таңба бар. Күміс тостағаншадағы осы таңбалар, біріншіден, көне түркі сына жазулары таңбаларына ұқсас, екіншіден, Жерорта теңізі төңірегіндегі көне әліпбилік таңбаларға – көне грек және арамей әріптеріне үйлеседі. Ғалым А.Аманжоловтың Есік жазба ескерткіштерінің көне түркі тілінде оңнан солға қарай оқуы мынадай: «Аға, саңа очкук! Без чөк! Букун ічрер азук» (Аға саған бұл ошақ! Бөтен ел адамы тізеңді бүк! Халықта азық-түлік мол болғай!). Бұл жазудың аса бір құндылығы – ертедегі Қазақстан жерін мекендеген сақ тайпаларының тілі көне түркі тілі болғандығын тағы да нақты дәлелдей түседі, алғашқы көшпелілердің бұдан 2500 жыл бұрын өз жазуы болғандығын және оның кең түрде қолданылғандығын танытады.

4. Отырардан табылған ескерткіштер. Отырар, Тұрарбанд, Тұрар, Тарбанд, Фараб – ортағасырлық қала орны. Отырар ҮІІ ғ басынан Тарбанд деген атаумен белгілі болған. Бұл атау Білге қаған және Күлтегін ескерткіштерінде кездеседі. ҮІІ ғ араб географы Якут Отырар, Тұрарбанд, Тұрар, Тарбанд қалаларының бір қала екендігін атап көрсетеді. Сол сияқты Х ғ жазбаларында Кедер деген орталық қаласы бар Фараб аймағы жайында сөз болады. Қалада сол кезде әлемдегі аса ірі кітапхана мен көптеген мешіт-медреселер болған. 1219 жылғы моңғол шапқыншылығынан кейін қала қайта жанданып, дүниежүзілік саудада бұрынғысынша делдалдық рөл атқарған. Археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған бұйымдар ішінде нумизматикалық материалдар мен ыдыстардың түбіне салынған тамғалы белгілердің құндылығы айрықша. Ыдыстарды күйдіргенге дейін салынған мұндай белгілер оның тек түбінде ғана емес, төменгі бөлігінде де кездеседі. Бұлар қазақтың Керей және Қыпшақ руларының таңбаларына сәйкес келеді.

5. Талас жазба ескерткіштері Қырғызстан мен Қазақстандағы Талас өзені бойынан табылған. Ескерткіштер қойтастар мен жартастарға, бұйымдарға ойылып жазылған. Жалпы саны 20 шақты. Тастағы таңбаларды алғаш рет 1896 жылы В.А.Каллаур зерттеген. 1961 жылы археолог-фотограф П.Н.Кожемяко Талас өзені бойынан төрт жолдан тұратын жазуы бар жаңа ескерткіш тапты. Осы жолы қырғыз экспедициясы тағы да үш ескерткіш тапты. Тастан жасалған аспалы мөрдегі көне түркі руникалық жазуы 4 әріптен тұрады: сөзүм – сөзім. Дөңгелек тастың жарты сынығындағы көне түркі руникалық жазуда 4 әріп және сөз айыру белгісі кездеседі: аб албағ – аң аулау. Ғалымдар мұны аңшылық тұмары деп есептейді. Эрмитажда сақтаулы тұрған шырша таяқшадағы ойма жазуды С.Е.Малов, Х.Н.Оркун, А.М.Щербактар зерттеп, жазудың көне түркі руникалық таңбаларымен ұқсастығын көрсетті. Таяқшаның төрт қырына ойылып жазылған жазуды оңнан солға қарай оқығанда, «ачуғ кашук» – «сый қасық» деген мағына береді. Талас жазба ескерткіштерінен қазақ және қырғыз тілдеріне ұқсас көптеген фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктер кездеседі. Қазақ тіліндегідей әрбір сөздің морфологиялық құрамындағы буындар үндестік заңына бағынып, не біркелкі жуан, не біркелкі жіңішке жазылады. Сондай-ақ көптік, септік, тәуелдік жалғаулары, сөз тіркестері, сөйлем құрылымы жағынан да қазақ, қырғыз тілдеріне жақын келеді. Талас жазба ескерткіштерін В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, Ю.Немет, И.А.Батманов, Ч.Жұмағұлов, С.Киселев, Ғ.Айдаров, А.Аманжолов, Ә.Құрышжанов, М.Томанов, А.Есенқұлов, т.б. ғалымдар зерттеген.

1896 жылы Айыртау-Ойдан табылған таста жазылған руна жазуын А.Аманжолов «Менің еккен егісім – ықта, Ер атым – Утын. Оның әміршісі, әйелі жесір қалды. Оның інілері Қара барыс пен Оғұл барыс оның достарына қалды» деп аударды. 1898 жылы табылған екінші тастағы жазуды ғалым «Отыз оғлан – оның сенімді достары. Мешін жылы тайпалық одақтың қоршауында... Ер атым – Қара Шор, жауларым үшін Жазбас Қол. Оның алты туысы, байлығы, жері, егіз қарындасы ... ол өлді. Қара Шор – мықты мерген Жазбас Қол. Қара Шор ... өкінішке орай өз туыстарынан бөлінді. Оның әкесінің аты – Туған, ұлының аты – Қара Шор» деп оқиды. Осындай бірнеше тас бар.

6. Ұлытау өңірінің ескерткіштері – Сарыарқаның батыс бөлігіндегі Ұлытау тарихи өлкесінің шеңберінде орналасқан, тас дәуірінен бастап бергінгі қазақ заманына дейінгі аралықты тұтас қамтитын ескерткіштердің аса үлкен тобы. Ә.Марғұлан Ұлытау жәдігерлерін кешенді түрде зерттеу ісін алғаш рет 1946 жылы бастады. Көне ескерткіштер тарихы тас дәуірінен басталады. Палеолит және неолит дәуіріне тән бұйымдарда кездесетін таңбалар ішінде пиктографиялық жазу үлгілері көптеп кездеседі. Айдос, Талдысай, Өрезайыр, Айбас, Жанайдар обаларынан табылған заттар Беғазы-дәндібай мәдениетіне жатады. Алтыншоқыдан табылған Ақсақ Темірдің жарлығымен естелік сөз жазылған әйгілі тас қазір Санкт-Петербурттағы Эрмитажда қымбат экспонат ретінде сақтаулы.

7. Саураннан табылған ескерткіштер. Сауран – ортағасырлық қала, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан қаласынан солтүстік-батысқа қарай 35 км жерде. Қалашықты А.Гейнс, П.Лерих, А.Бернштам, Қ.Ақышев зерттеген. Жазба деректерде Х ғасырдан бастап кездеседі. ХҮІ ғ Ақ Орданың астанасы болған. Қала орнынан шағатай, араб жазуымен жазылған бұйымдар табылған.

8. Сарайшықтан табылған ескерткіштер. Сарайшық – ортағасырлық қала орны. Атырау қаласынан солтүстікке қарай 50 км жерде, Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан, Қаланы П.С.Паллас, Ф.Гебель, Н.Артюзов, Ә.Марғұлан зерттеген. Көптеген бұйымдар табылды, солардың ішінде Өзбек және Тоқтамыс хандардың құйғызған теңгелерінің нумизматикалық тұрғыдан алғанда орны ерекше. ХІ–ХҮІ ғ аралығында өмір сүрген қала жәдігерліктері әлі де болсын зерттеуді қажет етеді.

9. Сығанақтан табылған ескерткіштер. Сығанақ, Сунақ – ортағасырлық қала орны (ҮІ–ХҮІІ ғ.). Қызылорда облысы, Төменарық темір жолы станциясының солтүстік–батыс жағында 10 км жерде орналасқан, Қаланы П.И.Лерх, И.А.Кастанье, А.Н.Бернштам зерттеген. Қала туралы алғашқы мәлімет Х ғасырдағы парсы шығармасы «Худуд әл–Әлемде» кездеседі. Ертедегі Сығанақ қыпшақ мемлекетінің сауда және саяси орталығы болған. Жошы ұрпақтары кезінде Ақ Орданың орталығы ретінде танылып, төл теңгесін соққан қалалар қатарында.

10. Сырдария жазба ескерткіштері – Оңтүстік Қазақстан облысындағы Шардара су қоймасы маңындағы Ақтөбе қалашығында 1960 жылы жүргізген зерттеу жұмыстары кезінде табылған. Мөр мен қыш құмырадан тұрады. Мөр бетінде 9 таңбадан тұратын ойма жазу б.ар. Бұл таңбалар дәстүрлі көне түркі жазуына сәйкес. Мағыналық баламалары: «Ханзадалар іліндер» және «Батыр Алыптар - Ас». Ескерткіш ҮІ–ҮІІ ғ жататын археологиялық қатпардан табылғанымен, одан да ертеректе жазылған. Сырдария жазба ескерткіштері кеуіп үлгермеген кірпішке жазылған. Бұл жазба ежелгі түркілердің ең көне әліпбиіне ұқсас болғандықтан, зерттеушілер б.з.б. II–I ғ арылығындағы Қаңлы заманына телиді. Мәтін оңнан солға қарай оқылады, әріптердің бәрі жақсы сақталған. Алтынтөбеден табылған қыш құмыра табанында екі таңбалы көне түркі ойма жазуы бар, оның аудармасы – шебер, үздік.

11. Іле жазба ескерткіштері Алматы облысы, Іле өзенінің аңғарынан табылған. Олар руникалық және көне грек әліпбиімен жазылған. 1964 жылы А.Аманжолов Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Терексай алқабындағы Кетмен қыраттарынан руна жазулы ескерткіштердің алғашқы тобы табылды. Төрт таңбадан тұратын жазу «тау теке» деп аударылады. Садыр сайынан табылған жазуда руникалық және көне грек әліпби таңбалары бірге кездеседі. Бұл жазуды ғалым «төлде» деп оқиды. Нәдір сайындағы жартастан табылған жазу үлгісінде тау текелер мен «ер азығы елдестен» деген сөйлем жазылған. Алматы облысы, Іле ауданы, Николаевка ауылының маңындағы обаларды қазу кезінде археолог К.Байпаков тапқан қола жүзікте көне түркі әліпбиімен жазылған «тізенді бүк, сұсты» деген сөздер бар.

Ал 1962 жылы Алматы облысындағы Тайғак сайындағы жартастан көне грек әліпбиімен жазылған жазу табылды. Ең алғаш рет бұл жазу жайында мәліметті 1897 жылдың 29 қыркүйегінде Жоңғар Алатауының оңтүстік-батыс алқабын аралаған орыс этнографы Н.Н.Пантусов берген болатын. Ол Тайғак сайынан ағып өтетін Іле өзені аңғарынан тибет жазуын тапқандығын жөнінде жазады. «Om manī radme hum» сөздері грек және санскрит жазуларымен берілген. Сол сияқты грек әріптерімен жазылған «Исар» сөзі сақтан шыққан будданың атын білдірсе, альфа және пи әріптері 1000 мен 80 сандары 1080 деген жылды көрсетеді. Ол б.д. 769-770 жылдарға сәйкес келеді. Табылған жазу түркі-тохар байланыстарынан хабардар етеді.

1967 жылы А.Аманжолов Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Дардамты ауылы маңындағы жартастардан көне грек әліпбиімен жазылған түркі тілінде жазылған мәтін тапты. Оңнан солға қарай бағытта жазылған жазудағы 7 таңба «Ақ бабам» деп аударылады. Талғар қаласы жанындағы ескі обалардан табылған тас тиірмен бетіне қашалған «тамыз алып көке (адал ердің қарындасы)» сөзінде финикий және көне түркі әріптері қатар кездеседі.

Сонымен, келтірілген деректерден көне түркі мәдениетінің ажырамас бөлігі болып саналатын бұл ескерткіштерде кездесетін байырғы түркілердің таңбалары мен символикалық белгілері зерттеушілердің назарын үнемі аударып келгендігін аңғаруға болады. Алайда ұланғайыр Еуразия даласындағы түркі тілдес халықтардың таңбалары, олардың шығу тегі мен даму барысы, трансформациясы жайында толыққанды біртұтас ғылыми зерттеулер жасау – болашақтың ісі. Мұндай зерттеулер барысында түркі руникалық мұрасының бүкіл түркі халқына ортақ екендігін міндетті түрде ескерген абзал. Себебі көне түркі жазба ескерткіштері түркі жазуы тарихының қайнар көздерінің бірі дей отырып, оны әр қырынан зерттеуге алу бүгінгі күн талабы демекпіз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Аманжолов. Түркі филоло-гиясы және жазу тарихы. - А., 1996,42-бет.
2. В.А. Лившиц. О проис-хождении древнетюркской рунической письменности. // Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. - А., 1980,3-13-бет.
3. О.Сулейменов. «Язык письма». Алматы-Рим, 1999.
4. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. - Алма-Ата, 1963
5. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура

Центрального Казахстана. - Алма –Ата, 1966.

6. Акишев К.А. Курган Иссык. - Москва, 1978.
7. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. - М.-Л., 1951.
8. Кляшторный С.Г. Древне-тюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. - М., 1964.
9. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. - А., 1971.
10. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. - А., 2003.
11. Қ.Сартқожа. Байырғы түрік жазуының генезисі. Астана, 2007
12. Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древние города Казахстана. - Алма-Ата, 1971.
13. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Шелковом пути. - А.,1998.
14. Самашев З., Базылхан Н., Самашев С. Көне түрік таңбалары. - Алматы, 2010.
15. Ескеева М. Қазақ жазуының тарихы. - Астана, 2006.